

## Ірі публицист, жалынды журналист

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Н.Нұрмақовтың 110 жылдығына

Н.Нұрмақов қоғамдық және мемлекеттік қызметімен қоса журналистік жұмыспен де шұғылданып, жалынды публицист болды. Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол тайғақ кешуінде» Н.Нұрмақов жайлы былай дейді: «Сол жылы Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті алаштың тілі болып, ал Семөй губерниясы, Қарқаралы уезіндегі жалғыз Нығмет Ақмолаға «Тіршілік» газетінің басындағы бізге хат жолдап жатты».

Н.Нұрмақов одақтық және республикалық баспасөзде көптеген мақалалар жариялап, шаруашылық және мәдени құрылыстың толғағы жеткен мәселелері бойынша құнды пікірлер айтты. Оның қалам қуатының аса күшті екендігіне «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің 1924 жылғы 7 қарашадағы осы басылымның үш жылдығына арналып берілген санында газетті өркөндетуге сіңірген еңбегі үшін әр жылдардағы газет редакторлары мен қызметкерлері С.Сейфуллин, М.Жолдыбаев, Ж.Сәдуақасов, Б.Майлин, Т.Жүргенов, С.Мұқановтармен бірге оған да алғыс айтылуынан көруге болады.

Қазақ АКСРБ-ы Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н.Нұрмақов ХІІІ шақырылған Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің 1928 жылдың 24-26 қарашасында өткен ІІІ сессиясында республика өкіметінің атынан Қазақстан өміріндегі елеулі оқиға, оның дамуына зор ықпал жасаған есеп жасап, қызу пікірталас тудырып, ол кеңінен талқыланды. Осының негізінде 1929 жылы Қызылордада Н.Нұрмақовтың «Қазақстан құрылысы» деп аталатын кітабы жарық көрді. Кітап мынадай тараулардан тұрады: «Қазақстанның шаруашылық және мәдени құрылысының негізгі қорытындылары», «Қазақстан құрылысының міндеттері мен перспективалары», «Қазақстан құрылысындағы негізгі қиындықтар». Бұл тарауларда Қазақстанның өткендегі өміріне шолу жасай отырып, патша өкілетінің 200 жылға отарлау саясаты мен қазақ өлкесінде өндіргіш күштердің тоқтап қалуы салдарынан ауылдарда шаруашылықтың жартылай жабайы ескі формалары сақталғандығы, осы қиыншылықтарды жою бағытында Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы, өнеркәсібіндегі, тұтыну кооперациясы мен ақша айналымындағы, жерге орналастыру мен мәдени құрылыстағы қол жеткізген жетістіктеріне, оның өз алдына отау тігіп, республика болуынан бергі он жылға жуық кезеңдегі атқарған істері мен қол жеткізген табыстарына жан-жақты талдау жасалған.

Екінші кітап «РСФСР-дегі аз ұлттар арасындағы жұмыстың жайы мен міндеттері» деген атпен 1934 жылы Мәскеудегі «Власть Советов» баспасынан жарық көрді. Бұл – Нұрмақовтың сталиндік «идеяларды» басшылыққа алмаған «қауіпті» ұлттық кадр екендігін дәлелдеп берген туынды. Нығмет бұл еңбегінде БОАК Президиумы ұлттар бөлімінің жан-жақты жұмысын саралап көрсеткен. Отызыншы жылдардың бас кезінде РСФСР территориясында өзіндік ұлттық құрылымдардан тыс аудандарда ұйымдастырылған азсанды ұлттардың 65 ауданы болған. Сол сияқты азсанды ұлт өкілдері топтасқан аудандарда төрт мыңға жуық ұлттардың атымен аталған селолық кеңестер жұмыс істеген. Солардың ішінде Орталық Волга өлкесінде – 15, Батыс Сібір өлкесінде – 49, Орал облысында – 4 қазақ, селолық кеңестері, ал біздің сол кездегі автономиялық республикамызда 40 неміс, 2 эстон, 2 чуваш, 6 мордва, 2 дүнген, 1 белорус, 2 болгар селолық кеңестері жұмыс істеген. Бұл жұмысты ұйымдастыру, біріншіден, ұлтшылдық сеніспеушілік пен қайшылықтардың қалдықтарын тездетіп жоюды, екіншіден, азсанды ұлттардың өкілдеріне қамқорлықты күшейтіп, мәдени және басқа мұқтаждықтарын өтеуді, үшіншіден, оларды жаңа құрылысқа араластыруды мақсат етті.

Мемлекет қайраткері қолына алған қаламын 1937 жылы сталиндік жемдеттер күшімен тартып алғанға дейін бір сәт те түсірген жоқ. Москвада өткерген өмірінің соңғы жылдарында Одақтың «Власть Советов», «Революция и национальности», «Жизнь национальностей» журналдарына көлемді мақалаларын үзбей жариялап отырды.

1933 жылы «Власть Советов» баспасынан Н.Нұрмақовтың редакциялауымен «РСФСР-дегі құрылыс» атты кітап жарыққа шықты. Кітапта Нығмет сол жылдардағы өнеркәсіптің дамуындағы жетістіктерді былайша тұжырымдап көрсетеді: «Если в восстановительный период развитие индустрии на окраинах заключалось в восстановлении и расширении разрушенных местных предприятий и в переносе предприятий из центральных районов, то в период первой пятилетки в бывших царских колониях развернулось строительство новых крупнейших предприятий

индустрий, которые коренным образом меняют лицо окраин, превращают их из отсталых аграрных в индустриально-аграрные районы. В Казахстане строятся гиганты цветной металлургии Прибалхашстрой, Риддер, создается третья всесоюзная угольная база — Караганда, выстроен первенец транспорта — Турксиб, реконструируются и расширяются Эмбенские нефтяные промыслы». Осындай дәлелдер арқылы Н.Нұрмақов Қазақстанның аграрлы елден индустриялы елге айналуының негізгі ошақтарын мақтанышпен жеткізеді.

Н.Нұрмақов шығыс халықтарының алфавитін құруға арналған Бүкілодақтық комиссияның мүшесі және төрағасы болды. 1934 жылы Мәскеу қаласында «Власть Советов» баспасынан Н.Нұрмақовтың жалпы редакциялық басшылығымен РСФСР халықтары арасында жаңа алфавитті ендіру жөнінде «Октябрь алфавиті» деген атпен мақалалар жинағы шықты. Жинақта Татарстанда, Башқұртстанда, Қырғызстанда, қазақтар арасында, Солтүстік Кавказ бен Дағыстанда, Қалмақ автономиялы облысында, Қырым халықтары арасында жаңа латын алфавитінің енгізілуі туралы мақалалар берілген. Н.Нұрмақов латын алфавитіне көшудің тиімді жақтарына былайша талдау жасайды: «Во первых, быстрое усвоение нового алфавита массами и огромный рост издания на нем революционной политико-просветительной, учебной и др. литературы помогают росту классового самосознания трудящихся Востока.

Во вторых, латинизация алфавита в силу технической легкости его усвоения, открывает возможность ликвидации массовой неграмотности в кратчайший срок.

В третьих, латинизация алфавита облегчает выработку научной, общественно-политической и технической терминологии и орфографии национальных языков, помогая ускорению всего в целом культурного подъема национальных районов, способствует созданию новых литературных национальных языков». Мемлекет қайраткері латын алфавитіне көшудің сауатсыздықты жою мен халықтың санасын оятудағы маңызын осылай тұжырымдайды.

Н.Нұрмақов өз еңбектерінде қазақ халқының болашағы, даму жолының бағытын сталиндік идеяларды басқшылыққа алмай-ақ, насихаттамай-ақ батыл көрсетіп айқындай білді, бұған «Қазақстан құрылысы» және РСФСР-дегі аз ұлттар арасындағы жұмыстың жайы мен міндеттері» атты еңбектері дәлел бола алады. Осы кітаптары жарыққа шыққан соң көп ұзамай Голощекинмен сыйыспай, Қазақстанның өкімет басшысы қызметінен тайдырылды. Ал 1937 жылы БОАК-тің Ұлттар бөлімін басқаруға ауыстырылды.

Қазақ елі ұлтымыз мәңгілік есімін мақтан тұтар халқымыздың қаншама біртуар азаматтарын өмірге келтірсе, сол ұлы көштің қатарында Н.Нұрмақовтың есімі зор құрметпен аталады.

С.Қасымова, Н.Нұрмақов атындағы №2  
мектеп интернатының тарих пәні мұғалімі  
Орталық Қазақстан, 2005-21 сәуір.-6 б.